


Текелі қаласы
«№6 ОМ МДШО» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі
Мукашева Мадина Бериковна

Математика
1 сынып



Сабақтың тақырыбы: Теңдік және теңсіздік

Оқу мақсаттары

- 1.2.2.1 Теңдік, теңсіздік, теңдеуді білу; дұрыс және бұрыс теңдіктерді ажыратады.
- 1.5.2.2 «+», «-», «≠», «=», «>», «<» белгілерін/ цифрларды белгісіз санның символын қолдану.

Сабақтың мақсаттары

Теңдік және теңсіздік туралы түсініктерін қалыптастыру.

Теңдік пен теңсіздікті жазып үйрету.

Барлық оқушылар: Заттарды салыстыруды біледі.

Көптеген оқушылар: Теңдік және теңсіздік ұғымын біледі.


Кейбір оқушылар: Заттарды санап, оларды салыстыру арқылы теңдік және теңсіздік құрастыра алады.





Бағалау критерийлері

- теңдік пен теңсіздікті оқи алады;
- бір-бірінен ажырата біледі;
- «+», «-», « \neq », «=», «>», «<» таңбаларын қолдана отырып, теңдік немесе теңсіздік құрастыра алады;





Сабақтың басы

«Миға шабуыл»

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау, белсенді оқыту іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Тепе-теңдікті математика тілінде теңдік деп айтады ол « $=$ » тең белгісі арқылы белгіленеді. Мысалға $3=3$ түрінде жазылады, «үш тең үш» деп оқылады. теңдік болмайтын жағдайда математикада «теңсіздік» деп айтамыз. Теңсіздікті жазу үшін « \neq » тең емес белгісі арқылы белгіленеді. Мысалы үшін былай жазылады, $3\neq 2$ деп жазылады, «3 тең емес 2 – ге» деп оқылады.



Сабақтың ортасы


(Ү) Берілген суретке қарап, мысалдар құрастырып, теңдік және теңсіздік белгілерін қою.



Таңбаларды дұрыс белгілеуін, бас бармақ әдісі арқылы бағалау.



(Т) Оқулықта берілген тапсырма бойынша теңдік пен теңсіздікті орындайды.



Қанша мысал құрастырғанын және дұрыстығын аялдама арқылы бағалау.




Сергіту сәті

**Тырс-тырс, далада жаңбыр жауады,
Тоқ-тоқ, терезені біреу қағады.
Тық-тық, аяқпен жүріп келеді,
Тым-тырыс отыра қалады.**





Проблеманы шешу жаттығуы (Ж) Шығарып көр тапсырмасы




*Саралаудың диалог пен қолдау тәсілі арқылы жүзеге асады.
Проблеманы шешу мақсатында оқушыларға мына тапсырманы орындайды.
Жұптың өзара бағалауы бағдаршам түстері арқылы*

-  өте жақсы
-  жақсы
-  орташа



(Ө,Қ) «Таразыларды теңестір»
тура теңдікті шығаруын. Ламинатталған
қағазға жазып көрсетеді.



Дескриптор: Білім алушы

- тура теңдіктерді анықтайды және тиісті бағанға жазады;
- тура емес теңдіктерді анықтайды және тиісті бағанға жазады



Назарларыңызға
рахмет



Рефлексия

Бүгінгі сабақтағы көңіл-күйді бет әлпеті салынған суреттерді таңдау.

Түсінбедім



Сұрағым бар



Түсіндім

